

2003. - №8. - 20 б.

3. Губанова, М.И., Лебедева, Е.П. Функциональная грамотность младших школьников: проблемы и перспективы формирования // Начальная школа плюс до и после. – 2009. - №12

4. Авдарсоль С. Информатикадан критериалдық тәсіл негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау жүйесін дамыту. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертация. –Алматы, 2022.

ӘОЖ 378.147

«Адал азамат» деген атқа лайық адамды тәрбиелеуде ұлттық тәлім-тәрбие берудің мәні

Кертаева Ғ.М

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Егеменді Қазақстанда болашақ ел иелерінің сана-сезімін, ұлттық психологиясын сонау ерте замандағы ата-бабалар ақылымен, салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу – қазіргі күннің ең өзекті мәселесі. Осы тұрғыда ұлттық тәрбие мен адамгершілік тәрбиесі сабақтастығы ұлы ойшылар мен заманауи ғалымдардың назарынан берік орын алған (Абай Құнанбаев, Ғ. Ғ. Шпет, Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, М. Әлімбаев, Ж. Аймауытов, Ж. Наурызбаев, З. Серікқалиұлы, Ә. Табылдыев, М. Шаханов, К. А. Оразбекова, Қ. Жүкеш, М.Құрсабаев т.б).

Тәлім-тәрбие үрдісін ұлттық негізде құраудың қажеттілігі туралы ойды Мұхтар Шаханұлының ұлағатты өлең сөздерінен көруге болады:

Тағдырынды тамырсыздық індетінен қалқала.

Әр адамда өз анасынан басқа

Жебеп тұрар, демеп тұрар арқада

Болу керек құдіретті төрт ана:

Туған жері – түп қазығы, айбыны,

Туған тілі – сатылмайтын байлығы,

Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,

Қадамына шуақ шашар үнемі.

Және *туған тарихы*, еске алуға қаншама

Ауыр әрі қасіретті болса да.

Төрт анаға әнін жағдай алмаған

Пенделердің басы қайда қалмаған?

Төрт анасын қорғамаған халықтың

Ешқашан да бақ жұлдызы жанбаған.

Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,

Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы! [1].

Мұхтар Шаханұлының бұл даналық сөздері ұлттық тәлім-тәрбие беру үрдісінің ұраны болуға тиіс.

Білім берудің ұлттық жүйесінің тірегі – ұлттық мектеп. Яғни, мемлекетті құрайтын ұлттың тарихи аумағында қызмет атқаратын және осы аумақта өзінің егемендік білім беру саясатын жүзеге асыратын, оқушыларды ұлттық сипатта, өз халқының рухани әлемін ана тілі негізінде, еркін дамытатын мектеп болу керек.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес «білім беру жүйесінің басты міндеті – жан-жақты дамуға, кәсіби шеберлікті жетілдіруге, жеке тұлғаны ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптастыруға жағдай жасау» болып отыр [2].

Бұл заман өзгерісіне икемделетін, бірақ ешқашан ескірмейтін мәселе.

Ел азаматтарының саналық қасиеттерін балалық шағынан бастап еліне, отбасына, болашақ қызметіне деген адал пейілін, парыздылық сана-сезімін жүйелі, міндетті, нық тәрбиелеу арқылы қалыптастыру қажеттілігі күмән тудырмайды. Мектепте бұл қажеттіліктерді іске асыру мұғалімнің кәсіби, адамгершілік парызы. Ұстаз қоғам мен өскелең ұрпақ арасындағы сарапшы. Жас ұрпақ ұстаз арқылы ең бағалы және қажетті мағлұмат алып санасына сіңіреді. Ұстаз оқушыларға өткен ұрпақ өнегесінің ең тандаулысын теріп беруі тиіс, жас ұрпаққа білімін ғана емес, ғылыми дүниетанымын, ұлттық мұрамен егеменді елімізде орныққан азаматтық позициясын қалыптастырады, оларды рухани-адамгершілік тұрғысында тәрбиелейді.

«Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып- тәрбиелеу ісінен артық ешнәрсе жоқ» [3], - деп өз заманында Ыбырай Алтынсарин қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу ісін ең басты мәселе екеніне көп көңіл бөлген. Ғұламаның бұл ойының көкейкестілігі бүгінгі күні өзінің шырқау шегінде екені күмән тудырмайды.

Топшылай келе, мектептің тәлім-тәрбие үрдісін ұлттық негізде құрау үшін мұғалім:

- өзінің сөйлеу тілін кәсібіне сәйкес жетілдіруіне;
- ана тілінің тұнығына үңіліп, халық педагогикасынан өзбетінше дәрістеніп, сусындап, өздік жетілу жолына түсу. Кезінде көңіл бөлінбеген ұлттық тәрбие олқылығының орнын толтыруына;
- кез келген пән аясында оқушылардың қазақ тілін жетілдіре оқытуына;
- тәлім-тәрбие беру үрдісінің халықтық сипатын ескеруге;
- ана тілі, өз ұлтының тарихы, өнері, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы арқылы оқушы тұлғасын жан-жақты дамытып болашақ қазақ зиялыларын тәрбиелеуге;
- ұлттық қасиеттерді танытып-білдіруге;
- халық педагогикасының материалдарын (шежіресін, ауыз әдебиетін, өнерін, әндерін, мақал-мәтелдерін, ертегі, эпостарын, күйлер, айтыс, аңыз, жұмбақтарын т.б.) жас өспірімдердің дүниетанымдық көзқарасын дамытуға кең қолдануына *парыздану керек*.

Сонымен қазақ мектебіндегі оқытудың мақсаттарының негізгі компоненттерінің үшеуін де (оқушылардың ден саулығы мен жан саулығының сақтау, нығайту; оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу; оқушыларды табиғатына сай интеллектуалды дамытып, білім сапасын халықаралық дәрежеге жеткізу) төртінші компонент арқылы іске асыру, яғни тәлім-тәрбие үрдісін ұлттық негізде құрау – бүгінгі мектеп мұғалімінің ең ұлы жүктемесі, ең маңызды ісі, ең киелі *парызы, педагогикалық деонтологияның талабы*.

Деонтология - адамның парызына негізделген мінез-құлқын зерттейтін ғылым. Деонтология терминін алғаш рет адамгершілік теориясын нақтылау үшін енгізген Джереми Бентам (Jeremy Bentham) (1748-1832 жж.). Бентам философ, заңгер, экономист және Лондон университетінің негізін қалаушыларының бірі. Ол ғылымда утилитаризм (*utilitas* - пайдалы) теориясының бағытын құрастырумен танымал «адамның әрбір іс-әрекеті басқа адамдарға пайдалы болуы керек»[4], деп тұжырымдады.

Педагогикалық деонтология, басқа да ғылым сияқты, белгілі бір қызмет атқарады. Ол ұстаздың және кез келген тәрбиешінің:

- тұлғасын шәкірт тәрбиелеуде ұтымды амалдар іздеуге ынталандырар әдіс-тәсілдерді;
- тәрбие үдерісінде нақты адамгершілік реакциясын тудыратын қабілет-қасиеттерді;
- бала әлемімен қарым-қатынас аясында жүріс-тұрысын, мінез-құлқын, іс-әрекеттерін реттеуші амалдарын зерттейді.

Педагогикалық деонтологияның басты ұстанымдары:

- баланың ден саулығына, жан саулығына зиян келтірмей ұлттық тәрбие мен адамгершілік тәрбие беру;
- барша ересек адамдар барлық жүріс-тұрысымен, ой-өрісімен, іс-әрекеттерімен осы ұстанымның кең тарауына және бала санасына өзіндік бақылау дағдыларын қалыптастыруына жол ашу, қарайласу, соған себепкер болу;
- бүкіл жан дүниесімен, сана-сезімімен осы ұстанымдарды бұзуынан келетін зиянды салдарын жоюға ынталану.

Осыған сәйкес ұстаз өз бойында деонтологиялық сананы қалыптастыруды төмендегідей амалдардан бастау керек:

- педагогикалық борышты сезіну;
- деонтологиялық нормалар, ұстанымдар мен ережелер туралы рационалды біліммен санаға әсер ету, жекелік сана-сезім қалыптастыру;
- сол білімдерді деонтологиялық нанымға айналдыру.

Мұнда басшылыққа алатын ой-түйір: наным - білімдер мен сезімдердің қорытпасы, сондықтан деонтологиялық наным тәрбиелік іс-әрекеттерді реттейді, сәйкесті мінез-құлық, тәртіп уәжіне айналады.

Сондықтан «деонтология» деп атамаса да парыз-борыштың тұрмыс-тіршілікке қатысты философиялық мәніне өзіміздің ата-бабаларымыз, ұлы-ойшылдарымыз айтарлықтай мән берген. Ел есінде, айтар ақылында "парыздан күшті күш жоқ, парыздан қатал сот жоқ"- деген ұғым берік орынға ие.

Бүгінгі жастар – халқымыздың болашағы, еліміздің ертеңі. Ұлттық санамыз, саяси ой-өрісіміз

сілкінін, өрлеу жолына түскен осы кезеңде ата-бабаларымыздың кең-байтақ өлкені қалай қорғағанын, бостандыққа жету жолындағы күресін, терең тамырлы тарихимызды, ту ұстаған батырларымыз бен көсемдеріміздің, сөз бастаған шешендеріміздің үлгі-өнегесін бүгінгі ұрпаққа ұғындырып, келешекке мирас ету – деонтологиялық даярлығы қалыптасқан ұстаздың қолынан ғана келеді. *Деонтологиялық даярлық* - ұстаздың кәсіптік қызметін деонтологиялық талаптарға сәйкес атқаруға санасының, білімділігі мен біліктілігінің дайын болу күйі.

Ұлы парыздың жетелеуімен жұмыс атқару үшін педагог тұлғасының өне бойы кәсіби шеберлігіне қоса отаншылдық сезіміне, ұлттық намысқа толы болуы қажет. Кәсіби парыздылықты мұғалім бойында болдыру, ойына сіңіру үшін педагогикалық оқу орындарының жалпы тәрбиелік жұмыс жүйесінде деонтологиялық дайындықтың ұлттық сипатына көңіл бөлінуі қажет. Осы іс бағыты бойынша тегеурінді қимыл жасауды қолға алу – заман талабы.

Педагогикалық деонтологияның басты қағидасының бірі – болашақ қазақ зиялыларын, бүгінгі оқушыны табиғатына сай үйлесімді, дені сау, жан-жақты дамыған адам етуді, ана тілі, өз ұлтының тарихы, ұлттық санасы, өнері, ақылы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы арқылы жүзеге асыруға жәрдемдесу.

Халық педагогикасының «Адамдықтың нұры бол, адалдықтың құлы бол» – дегені, педагогикалық деонтологияның ұстаздың адамдығы мен ары ғана оның қызмет барысындағы іс-әрекеттерінің бақылау-бағалаушысы бола алатынына сәйкес ақыл. Осыған сәйкес 2023 жылы өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбына арналды. Сонда президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөйлеген сөзінде «Ең бастысы – адал еңбек ету, адал жолмен табыс табу, адал азамат болу. Адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Яғни, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды» [5].

Осы тұрғыда ұстаздардың ролі ерекше, өйткені, олардың негізгі міндет-мақсаты – жас ұрпақты ұлттық игіліктер, адамзаттық құндылықтар мен рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу. Онда олар, жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясын жас ұрпақ санасына сіңіруге жол ашады, сондықтан ұлттық құндылықтар негізінде сабақ берудің мән-мағынасының маңыздылығы күмән тудырмайды. Өйткені әрбір сабақтың мақсаты жас ұрпақтың бойында тарихи сана, елжандылық, өз елінің мәдениетіне құрмет сезімдерін қалыптастыру, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дарыту, ойлау, талдау, т.с.с. дағдыларын дамыту.

Қазақстанда ұлттық құндылықтар негізінде сабағын сәтті ұйымдастырудың маңызды шарты ұстаздың кәсіби дайындығы мен жеке тұлғалық сапалары, білімділік деңгейі мен саяси дайындығына сәйкес парыздылық сана-сезімі, деонтологиялық даярлығы.

Осының барлығын ескеріп, іске асыру үшін аға ұрпақтың парызына сәйкес кәсіби шеберлігін шыңдауға шаршамайтын, үйретуге жалықпайтын, жаналыққа құштар, ізденімпаз, өз ісіне адал, ұлтжанды мұғалім қажет. Ұстаздың осындай қасиетке ие болуын деонтологиялық дайындығы қамтиды.

Қорыта келе, деонтологиялық сана-сезімді қалыптастыруға өте пайдалы және жан-жақты шеңбері кең халық педагогикасының құралдарын тырнақтап теріп, жинақтап жүйеге келтіру — бүгінгі заман педагогикасының басты міндеті. Өйткені, қазақ халқының рухы таза ұлт болып қалыптасуы, тәуелсіздігіміздің ірге тасы берік болуы адал еңбек етіп, адал жолмен табыс тауып, адал азамат болған жас ұрпаққа байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шаханұлы М. Таңдамалы жырлар, Алматы, Дәуір, 1992, 63 б
2. Закон Республики Казахстан «Об образовании»/Законодательство об образовании в РК. – Алматы: Юрист, 2003. – 177с.
3. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. Алматы, Қазақстан.1991, 80 бет.
4. Педагогикалық деонтология негіздері: оқу құралы. / Кертәева Ғ. – Алматы, 2014. – 204 бет
5. Қасым-Жомарт Тоқаев. Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысы. 2023.